

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 20 ақпандағы № 6 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 ақпанда № 35763 болып тіркелді

### 3КАИ-ның ескертпесі!

### Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3, 6 және 7-тармақтарын, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 4 -тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

2025 жылғы 1 маусымнан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін Тізбенің 3-тармағы жиырма үшінші абзацының және 7-тармағының қырық бесінші абзацының қолданылуы тоқтатыла тұрсын.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің Төрағасы

T. Сулайменов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және  
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі  
КЕЛІСІЛДІ  
Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің Төрағасы  
2025 жылғы 20 акпандары  
№ 6 Қаулыға  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13256 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қауымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарда:

23-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктің ақпараттық жүйесінің жұмысында клиенттердің қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы электрондық банктік қызметтерге және (немесе) банктің электрондық терминалдар желісіне қолжетімділігінің бір сағаттан аса уақытқа үзілуіне әкеп соққан іркіліс (бос тұрып қалу) туындаған жағдайда, банк электрондық хабар жіберу арқылы Ұлттық Банкке шұғыл хабарлайды. Иркіліс (бос тұрып қалу) жұмыс істемейтін уақытта туындаған жағдайда, банк Ұлттық Банкке іркіліс (бос тұрып қалу) туындаған күннен кейінгі жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 10.00-ден кешіктірмей хабарлайды.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және ұлттық пошта операторы Ұлттық Банкке Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14339 болып тіркелген) бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру

қағидаларының 19-косымшасына сәйкес нысан бойынша есепті кезеңде ақпараттық жүйенің жұмысында орын алған жоспарлы және жоспардан тыс бос тұрып қалу (іркіліс ) туралы мәліметтерді тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей жібереді".

2. "Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 200 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14289 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 20) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар ) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) 15-бабы екінші бөлігінің 20) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 4-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес өзірленді және операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болатын төлем жүйелеріне (бұдан әрі – төлем жүйесі) қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды айқындайды.

Талаптар төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнын орналастырудан, төлем жүйесін пайдаланушының және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Орталық) өзара іс қимылынан, төлем жүйесінің терминалынан, негізгі ақпараттан, төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына қойылатын талаптардан, қызмет көрсететін қызметкердің жұмысын ұйымдастырудан, операциялық тәуекелді басқаруға және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптардан тұрады".

3. "Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14298 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қауымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидалары, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарда:

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Электрондық ақша жүйелерінің операторлары ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін басқаруға арналған электрондық ақша жүйелері операторларының жалпы басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылатын ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Электрондық ақша жүйелерінің операторлары ақпараттық қауіпсіздікті басқару процесін, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саясатын регламенттейтін ішкі құжаттарды бекітеді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ішкі құжаттарды қайта қарау тәртібі мен кезеңділігі электрондық ақша жүйелері операторларының ішкі құжаттарында айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 57-1-тармақпен толықтырылсын:

"57-1. Электрондық ақша жүйесінің операторы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметрінің ақпараттық қауіпсіздігінің жай-күйін жылына бір реттен сиретпей тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша тексеру материалдары қоса берілген есеп жасалады, ол электрондық ақша жүйесі операторының басшысына жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 58-1, 58-2 және 58-3-тармақтармен толықтырылсын:

"58-1. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы болып табылатын электрондық ақша жүйесінің операторы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жауапкершілік пен функциялардың аражігін ажырату мақсатында ақпараттандыру обьектілерін құру, қызмет көрсету және дамыту мәселелерімен айналысатын басқа құрылымдық бөлімшелерден оқшауланған құрылымдық бөлімше болып табылатын ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесін құрады немесе ақпараттандыру обьектілерін құру, қызмет көрсету және дамыту мәселелерімен айналысатын құрылымдық бөлімшелер штатында тұрмайтын, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамды айқындейды.

Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіреді және электрондық ақша жүйесі операторының ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылайды.

Электрондық ақша жүйесінің операторы мыналарды өткізу арқылы ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі қызметкерлерінің немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жаупты адамның біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді:

- 1) ішкі іс-шаралар (лекциялар, семинарлар);
- 2) сыртқы оқыту (курстарға, семинарларға қатысу – әрбір қызметкер үшін екі жылда бір реттен сиретпей).

58-2. Жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде жұмысқа қабылданған сэттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жаңа қызметкер ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптармен (кіріспе нұсқау алу) қол қойып танысады. Танысу нәтижесі тиісті нұсқау алу журналында немесе нұсқау алынғанын растайтын өзге де құжатта тіркеледі.

Осы тармақтың талаптары Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем үйымдары болып табылатын электрондық ақша жүйесінің операторларына қолданылады.

58-3. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем үйымы болып табылатын электрондық ақша жүйесі операторының қызметкерімен жасалатын еңбек шартында қызметкердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жасырын ақпаратты жария етпеу жөніндегі талаптарды сақтау міндеті қамтылады.";

59-тармақ мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) ноутбутер немесе өзге де құрылғылар Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем үйымы болып табылатын электрондық ақша жүйесі операторының ақпараттық активтеріне электрондық ақша жүйесі операторының қорғау периметрінен тыс қосылған жағдайда осы құрылғыларда қорғалған қолжетімділікті үйымдастыру үшін лицензиялық бағдарламалық қамтылым (байланыс арнасын шифрлау, екі факторлы аутентификацияны қамтамасыз ету) орнатылады.";

мынадай мазмұндағы 66, 67, 68, 69 және 70-тармақтармен толықтырылсын:

"66. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем үйымы болып табылатын электрондық ақша жүйесінің операторы ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларымен және оқыс оқиғаларымен алмасу үшін Ұлттық Банктің платформасына қосылу үшін статикалық IP-мекенжайды пайдаланады және ол туралы ақпаратты Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынады.

Статикалық IP-мекенжай өзгерген жағдайда электрондық ақша жүйесінің операторы статикалық IP-мекенжай өзгерген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкті бұл туралы хабардар етеді.

67. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем үйымы болып табылатын электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлем қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылатын және пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалана отырып, төлем қызметтерін көрсету кезінде жасалатын төлемдерді өндөуді қамтамасыз етеді.

68. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы болып табылатын электрондық ақша жүйесі операторының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайы (деректерді өндеу орталығы) мынадай жүйелермен жабдықталады:

- 1) қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі;
- 2) күзет сигнализациясы;
- 3) өрт сигнализациясы;
- 4) автоматты өрт сөндіру жүйесі;
- 5) бейнебақылау жүйесі.

Серверлік және коммуникациялық жабдық электр қуаты жүйесіне үздіксіз қуаттандыру көздері арқылы қосылады.

Электрондық ақша жүйесінің операторында серверлік үй-жай (деректерді өндеу орталығы) болмаған жағдайда, осы тармақтың талаптары жалданатын үй-жайларға немесе электрондық ақша жүйесі операторының ақпараттандыру объектілері орналасқан үй-жайларға қолданылады.

69. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы болып табылатын электрондық ақша жүйесі операторының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайына (деректерді өндеу орталығына) кіру рұқсаты тізбесін электрондық ақша жүйесі операторының басшысы немесе оның орнындағы адам бекітетін адамдарға беріледі.

Электрондық ақша жүйесінің операторы серверлік үй-жайға (деректерді өндеу орталығына) кіруді бақылау мен басқару жүйесінің журналын кемінде бір жыл жүргізуі және сақтауды қамтамасыз етеді.

70. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы болып табылатын электрондық ақша жүйесі операторының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайының (деректерді өндеу орталығының) бейнебақылау жүйесі серверлік үй-жайға (деректерді өндеу орталығына) барлық өту жолдарын, кіреберістерді бақылауды қамтамасыз етеді. Серверлік үй-жайда (деректерді өндеу орталығында) бейнекамераларды орналастырғанда серверлік үй-жайдың (деректерді өндеу орталығының) ішінде және оған кіреберісте бейнебақылаумен қамтылмаған аймақтар болмайды.

Серверлік үй-жайдың (деректерді өндеу орталығының) бейнебақылау жүйесінде оқиғалар үздіксіз немесе қозғалыс детекторы пайдаланыла отырып жазылады.

Серверлік үй-жайдың (деректерді өндеу орталығының) бейнебақылау жүйесіндегі жазбалар архиві кемінде үш ай сақталады.".

4. "Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда:

66-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) банкоматтарда төлем карточкасын ұстаушының бет-әлпетін тіркеуге мүмкіндік беретін кемінде бір камера орнатылады. Камера тіркеген бейнелерді эквайер кемінде күнтізбелік бір жұз сексен күн сақтайды.

Эквайер банкоматын пайдалануға байланысты даулы жағдайлар туындаған кезде төлем карточкасын ұстаушы өтініш жасаған жағдайда, камера тіркеген бейнелерді сақтау мерзімі даулы жағдайлар шешілгенге дейін ұзартылады;".

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14336 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды орнату қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасының резидент-банкі Ұлттық Банкте корреспонденттік шоттың ашылу күнінен бастап он жұмыс күні ішінде операторы Ұлттық Банк болып табылатын төлем жүйелерінің (бұдан әрі – төлем жүйелері) қатысуышы мәртебесін алу үшін Ұлттық Банкпен төлем жүйесіне қатысу туралы шарт (бұдан әрі – қатысу туралы шарт) және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамымен (бұдан әрі – Орталық) төлемдік және ақпараттық хабарларды өндеу және беру туралы шарт (бұдан әрі – жүйеде қызмет көрсету туралы шарт) жасайды."

6. "Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14339 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мәліметтер Ұлттық Банкке электрондық тәсілмен Ұлттық Банк белгілеген ақпарат беру форматтарымен ұсынылады.";

13-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 23, 24 және 25-тармақтармен толықтырылсын:

"23. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес "Трансшекаралық операциялар бойынша мәліметтер (кіріс)" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде ұсынады.

24. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес "Трансшекаралық операциялар бойынша мәліметтер (шығыс)" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде ұсынады.

25. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес "Есепті кезеңде ақпараттық жүйенің жұмысында орын алған жоспарлы және жоспардан бос тұрып қалу (іркіліс) туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде мына тұлғалар ұсынады:

1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары;

2) ұлттық пошта операторы.";

4-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қауулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша алып тасталсын;

Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда 17-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда 18-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда 19-қосымшамен толықтырылсын.

7. "Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қауулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 14347 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қауулымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық жүйелердегі бұзушылықтарды, іркілістерді қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы (бұдан әрі – ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы) – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның немесе оның жекелеген объектілерінің жұмысында олардың тиісінше жұмыс істеуіне қауіп төндіретін және (

немесе) төлем үйымының электрондық ақпараттық ресурстарын зансыз алу, көшіріп алу, тарату, түрлендіру, жою немесе бұғаттау үшін жағдай жасайтын, жеке түрде немесе сериялы түрде туындайтын іркілістер;

2) ақпараттық жүйелердегі бұзушылықтар, іркілістер туралы мәліметтерді қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпарат – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның немесе оның жекелеген объектілерінің жұмысында олардың тиісінше жұмыс істеуіне қауіп төндіретін және (немесе) төлем үйымының электрондық ақпараттық ресурстарын зансыз алу, көшіріп алу, тарату, түрлендіру, жою немесе бұғаттау үшін жағдай жасайтын, жеке түрде немесе сериялы түрде туындайтын іркілістер туралы ақпарат;";

15-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15-4. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес төлем үйымының төлем қызметтерін көрсетуге рұқсат (құқық) беру үшін есептік тіркеуден өтуі туралы хабарламаның (бұдан әрі – хабарлама) жобасын не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Ұлттық Банк жауапты бөлімшенің басшысы арқылы екі жұмыс күні ішінде хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіседі және қол қояды.

Жауапты бөлімшенің басшысы хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіскеннен кейін және қол қойған соң жауапты бөлімшенің қызметкері шешім қабылданған күні төлем үйымын төлем үйымдарының тізіліміне енгізеді (хабарламаға қол қойылған кезде), төлем үйымына есептік тіркеу бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесін жібереді.

"Электрондық үкімет" веб-порталында есептік тіркеу бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесі уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтанбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) куәландырылған электрондық құжат нысанында төлем үйымының жеке кабинетіне жіберіледі.

Төлем үйымын есептік тіркеуден өткізуден және төлем үйымдарының тізіліміне енгізуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Ұлттық Банк жауапты бөлімшенің басшысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тындау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабардар ете отырып, көрсетілетін қызметті алушыға төлем үйымын есептік тіркеуден өткізуден және төлем үйымдарының тізіліміне енгізуден бас тарту туралы алдын ала шешімді жібереді.

Алдын ала шешім өтінішті қарау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімді алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарсылық ұсынуға немесе білдіруге құқылы.";

23-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23-1. Төлем үйымын ерікті түрде қайта үйымдастыруды жүргізуге келісім беру төлем үйымы Ұлттық Банкке "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ерікті түрде қайта үйымдастыру туралы шешімді берген кезде жүзеге асырылады.

Процестің сипаттамалары, қызмет көрсету нысаны, мазмұны мен нәтижесі қамтылатын ерікті түрде қайта үйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ ерікті түрде қайта үйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген.

Шешімге Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 20-бабы 2-тармағының 2), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттар қоса беріледі.";

23-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23-4. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімше құжаттар тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі түрғысынан қарайды, ерікті түрде қайта үйымдастыруды жүргізуге келісім беру туралы хабарламаның (бұдан әрі – хабарлама) не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Ұлттық Банк жауапты бөлімшенің басшысы арқылы екі жұмыс күні ішінде хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіседі және қол қояды.

Жауапты бөлімшенің басшысы хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіскеңнен кейін және қол қойған соң жауапты бөлімшенің қызметкери шешім қабылданған күні төлем үйымына ерікті түрде қайта үйымдастыру бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесін жібереді.

"Электрондық үкімет" веб-порталында ерікті түрде қайта үйымдастыру бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесі уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында төлем үйымының жеке кабинетіне жіберіледі.

Ерікті түрде қайта үйымдастыруға келісім беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде Ұлттық Банк жауапты бөлімшенің басшысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабардар ете отырып, көрсетілетін қызметті алушыға ерікті түрде қайта үйымдастыруға келісім беруден бас тарту туралы алдын ала шешімді жібереді.

Алдын ала шешім өтінішті қарау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімді алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарсылық ұсынуға немесе білдіруге құқылы.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Төлем ұйымдары ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін басқаруға арналған төлем ұйымының жалпы басқару жүйесінің бөлігі болып табылатын ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Төлем ұйымы ақпараттық қауіпсіздікті басқару процесін, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саясатын регламенттейтін ішкі құжаттарды бекітеді.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ішкі құжаттарды қайта қарау тәртібі мен кезеңділігі төлем ұйымының ішкі құжаттарында айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 36-1-тармақпен толықтырылсын:

"36-1. Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйін жылына бір реттен сиретпей тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам тексеру материалдарын қоса бере отырып, есеп жасайды, ол төлем ұйымының басшысына жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 37-1, 37-2 және 37-3-тармақтармен толықтырылсын:

"37-1. Төлем ұйымында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жауапкершілік пен функциялардың аражігін ажырату мақсатында ақпараттандыру объектілерін құру, қызмет көрсету және дамыту мәселелерімен айналысатын басқа құрылымдық бөлімшелерден оқшауланған құрылымдық бөлімше болып табылатын ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі құрылады немесе ақпараттандыру объектілерін құру, қызмет көрсету және дамыту мәселелерімен айналысатын құрылымдық бөлімшелер штатында тұрмайтын, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам айқындалады.

Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адам ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіреді және төлем ұйымының ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылайды.

Төлем ұйымы мыналарды өткізу арқылы ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі қызметкерлерінің немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамның біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді:

1) ішкі іс-шаралар (лекциялар, семинарлар);

2) сыртқы оқыту (курстарға, семинарларға қатысу – әрбір қызметкер үшін екі жылда бір реттен сиретпей).

37-2. Жана қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде жұмысқа қабылданған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жаңа қызметкер ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптармен (кіріспе нұсқау алу) қол қойып танысады . Танысу нәтижесі тиісті нұсқау алу журналында немесе нұсқау алынғанын растайтын өзге де құжатта тіркеледі.

37-3. Төлем ұйымының қызметкерімен жасалатын еңбек шартында қызметкердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жасырын ақпаратты жария етпеу жөніндегі талаптарды сақтау міндеті қамтылады.";

38-тармақ мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) ноутбуктар немесе өзге де құрылғылар төлем ұйымының ақпараттық активтеріне төлем ұйымының қорғау периметрін тыс қосылған жағдайда осы құрылғыларда қорғалған қолжетімділікті ұйымдастыру үшін лицензиялық бағдарламалық қамтылым (байланыс арнасын шифрлау, екі факторлы аутентификацияны қамтамасыз ету) орнатылады.";

мынадай мазмұндағы 45, 46, 47, 48 және 49-тармақтармен толықтырылсын:

"45. Төлем ұйымы ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларымен және оқыс оқиғаларымен алмасу үшін Ұлттық Банктің платформасына қосылу үшін статикалық IP-мекенжайды пайдаланады және ол туралы ақпаратты Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынады.

Статикалық IP-мекенжай өзгерген жағдайда төлем ұйымы статикалық IP-мекенжай өзгерген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің туралы хабардар етеді.

46. Төлем ұйымдары Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылатын және пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалана отырып, төлем қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ төлем қызметтерін көрсету кезінде жасалатын төлемдерді өңдеуді қамтамасыз етеді.

47. Төлем ұйымының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайы (деректерді өңдеу орталығы) мынадай жүйелермен жабдықталады:

- 1) қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі;
- 2) күзет сигнализациясы;
- 3) өрт сигнализациясы;
- 4) автоматты өрт сөндіру жүйесі;
- 5) бейнебақылау жүйесі.

Серверлік және коммуникациялық жабдық электр қуаты жүйесіне үздіксіз қуаттандыру көздері арқылы қосылады.

Төлем ұйымында серверлік үй-жай (деректерді өңдеу орталығы) болмаған жағдайда , осы тармақтың талаптары жалданатын үй-жайларға немесе төлем ұйымының ақпараттандыру объектілері орналасқан үй-жайларға қолданылады.

48. Төлем ұйымының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайына (деректерді өндеу орталығына) кіру рұқсаты тізбесін төлем ұйымының басшысы немесе оның орнындағы адам бекітетін адамдарға беріледі.

Төлем ұйымы серверлік үй-жайға (деректерді өндеу орталығына) кіруді бақылау мен басқару жүйесінің журналын кемінде бір жыл жүргізуді және сақтауды қамтамасыз етеді.

49. Төлем ұйымының меншікті немесе жалға алынған серверлік үй-жайының (деректерді өндеу орталығының) бейнебақылау жүйесі серверлік үй-жайға (деректерді өндеу орталығына) барлық өту жолдарын, кіреберістерді бақылауды қамтамасыз етеді. Серверлік үй-жайда (деректерді өндеу орталығында) бейнекамераларды орналастырғанда серверлік үй-жайдың (деректерді өндеу орталығының) ішінде және оған кіреберісте бейнебақылаумен қамтылмаған аймақтар болмайды.

Серверлік үй-жайдың (деректерді өндеу орталығының) бейнебақылау жүйесінде оқиғалар үздіксіз немесе қозғалыс детекторы пайдаланыла отырып жазылады.

Серверлік үй-жайдың (деректерді өндеу орталығының) бейнебақылау жүйесіндегі жазбалар архиві кемінде үш ай сақталады.";

